

*А. Ардақұлы, 1-курс*

*Ғылыми жетекші — Д. Қ. Есенов, экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедрасының доценті, заң ғылымдарының магистрі (Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІ ҚҰРУДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ**

Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып деп басталатын тәуелсіз еліміздің Конституциясының преамбуласы бүгінгі күндегі куә болып отырған демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік, унитарлы мемлекеттің бастауы болып, жарқын болашағымыздың дербес екендігін көрсетіп отыр. Жоғарыда айтылған мемлекетімізге тән белгілердің іс жүзінде орындалып жатқандығының мемлекеттік билік тарапынан басқа да саяси жүйе институттарының бір элементі болып саналатын бүгінгі күндегі қоғамдық бірлестіктер, саяси партияларға тоқталып өткен жөн.

Соның ішінде саяси партиялардың мемлекеттік билік құрып оны басқарудағы ат салысып, күнделікті күйбең өмірдегі азаматтардың әлеуметтік мәселелерді шешуге ат салысып жатқандығынан басқа да еліміздегі ғаламдық мәселелерді де шешуде үлкен үлес қосып жатқандығын да айта кетсек артық болмас еді. Жалпы елімізде болып жатқан саяси үрдістердің орын алуында құқықтық немесе әлеуметтік-қоғамдық мәселелерде, мемлекет басындағы басқару әрекеттерінде қабылданып жатқан шешімдерде де саяси сананың, саяси мәдениеттің күннен күнге өсуіне ат салысып жатқан саяси партиялардың қоғамдағы маңызды орнын көрсетуі олардың беделін, құқықтық мәртебесін арттыра түсуде. Қазақстандағы саяси партиялардың мемлекеттік билікті құрудағы ат салысып, атқарып жатқан қызметтері күнделікті қоғам өміріндегі белсенді іс-әрекеттерден көрініп отыр, себебі әрбір азамат өз құқықтарын жүзеге асыру барысында құқық қорғау органдарынан басқа да саяси бірлестіктер мен саяси партиялардың да құзіретіне жүгіне алады. Саяси партиялардың құқықтық мәртебесін белгілеп беретін заң Республикамызда 2002 жылғы 15 шілдедегі № 344-2 Заңы қабылданды. Бүгінгі таңда саяси партиялар жоғарыда аталып өткен құқықтық акті бойынша қызметтері мен міндеттерін атқарады. «Партия» деген сөз латын тілінен шыққан, «бөлу», «бөлшек» деген мағынаны білдіреді. Тарихқа белгілі алғашқы саяси партиялар Ежелгі Грецияда пайда болды. Олардың мүшелері аз, тұрақтылығы шамалы, жөнді ұйымдаспаған шағын топтар болатын. Олар, негізінен, құл иеленушілердің әртүрлі ағымдарының мүдделерін қорғады. Мұндай партиялар феодалдық қоғамда да болды. Бірақ шексіз әкімшілік билеген дәуірде олардың айтарлықтай маңызы болмады. Еңбекші топтар болса экономикалық бытыраңқылық пен рухани езгінің астында еді. Сондықтан олардың саяси партиялар құруға мүмкіндіктері жоқ болатын. Олардың мүддесін ара-тұра билеуші топтың алдыңғы қатарлы мүшелері қорғады.

Қазіргі біздің түсінігіміздей саяси партиялар Еуропада ХІХ ғ. екінші жартысында пайда бола бастады. Бұған сол кезде болған буржуазиялық революциялар тікелей ықпал етті<sup>i, 75</sup>. Саяси партия — мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге қатынасуға бағытталған, ортақ мүдде негізінде құралған адамдардың ерікті одағы<sup>ii, 36</sup>. Қазіргі кездегі негізгі мәселе — республикамызды тәуелсіз әлеуметтік бағыт алған, демократиялық, құқықтық мемлекет құру. Оған еліміздегі ешқандай партияның дауы, қарсылығы жоқ, бәрі де мойындайды. Әңгіме тек оны қалай жүзеге асыру керек, ол жолда қандай тәсілдер мен құралдарды пайдаланған жөн: батыл, түбегейлі түрде ме әлде ақырын, бірте-бірте ме немесе тағы басқа ма? Республикадағы партиялардың саны үнемі өсуде. Бірақ көппартиялықтың қалыптасу процесі ақырын және күрделі өтуде. Күрделелігі сол – көптеген партиялардың мүше саны аз, олар саяси процеске шын мәнінде араласпайды, қоғаммен дамыған байланыс жүйесі жоқ. Партиялар арасында әдеттегідей өркениетті қатынастар мен байланыстар әлі орнамаған. Олар халыққа онша таныс емес, көбіне формальды түрде есептеледі. Сондықтан Қазақстанда қалыптасқан көппартиялық туралы айту әлі ерте сияқты<sup>iii</sup>. Оның себептері қандай? Ең алдымен, республикада пікір алуандығының тарихи дәстүрінің болмауы, саяси мәдениеттің төмендігі, құқықтық негіздің әлсіздігі. Оның үстіне, кейбір партиялар пікірлестердің бірлестігі ретінде қалыптаспады, «жоғарғы» жақтың ұйғарымымен жасалады. Оларды болашақ сайлауда өз кандидатурасын ұсыну үшін бұрынғы партия, кеңес, кәсіподақ қызметкерлері құрды. Сондықтан жергілікті жерде халықтың біразы ондай партиялардың барын да білмейді. Көптеген партиялардың өз мақсат, бағдарламаларын насихаттап, үгіт жүргізерлік мүмкіндіктері аз. Олардың баспалары, радио, теледидарларда каналдары не мерзімді уақыттары жоқ. Сонымен қазіргі қоғамның өмірінде саяси партиялар алдыңғы қатардағы орынның бірін алады. Олар осы мемлекеттік билікті қорғап, нығайту немесе оны өзгерту үшін құрылады. Партиялар бұқара халықтың мүддесін топтап, жинақтай білгенде күшейе түседі. Олар қоғамның саяси дамуының маңызды көрсеткіші болып саналады. Сонымен қатар мемлекеттік биліктің механизмін жүзеге асыратын белсенді ерікті адамдар болып табылады. Қорытындылай келе мемлекетіміздің жарқын болашағының жолын айқара Ашудағы саяси партиялардың қазіргі таңда мүдделері қорғалып, ұсынған бағдарламаларының халыққа ұнап, мемлекеттік мүддені қорғаудағы іс-әрекеттері, халықтың белсене іс-әрекет жасауындағы алға қойған мақсаттары орындалсын.

---

<sup>i</sup> Жамбылов Д. Саясаттану негіздері. — Алматы, 2000.

<sup>ii</sup> Мусин Қ. Қазақстандағы саяси партияларды институттаудың негізгі сатылары // Заң. — 2003. — № 8.

<sup>iii</sup> Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңы 2002 жылғы 15 шілдедегі // <http://online.zakon.kz/>